

## **40 тонна күмісті қайта өңдеу жөнінде толлинг операциясын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 тамыз 1993 ж. N 715

Ішкі нарықты зергерлік бұйымдармен толықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы мен Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің 40 тонна күмісті қайта өңдеп, одан дайын зергерлік бұйымдар жасай отырып, оларды Қазақстан Республикасына беру жөнінде "Эбир Джевеллери" (Канада) компаниясымен толлинг операциясын өткізу туралы ұсынысы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне аталған мақсат үшін "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына Мемқазынадан 40 тонна күміс беру ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына 40 тонна күмісті әкетуге және дайын зергерлік бұйымдарды әкелуге лицензия берсін.

4. "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мен Сауда министрлігі республиканың алтын қоры мен алмас қоры туралы заңына сәйкес дайындалған зергерлік бұйымдарға тәуелсіз сараптау жүргізуді және оларды ішкі, сыртқы нарықта өткізуді қамтамасыз ететін болсын.

5. "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы аталған толлинг операциясын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

6. "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына зергерлік бұйымдарды өткізуден алынған ақшалай қаражатты Шығыс Қазақстан облысының Зайсан, Марқакөл және Тарбағатай аудандарындағы зілзала аймағының зардаптарын жою жөніндегі мәселелерді шешу үшін пайдалануға рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі